

Раджастхан үкіметі, содан кейін Үндістанның федералды үкіметі қосымша заңнама қабылдады. Менің ойымша, сати рәсіміне тыйым салу өте дұрыс деп ойлаймын. Өйткені, әрбір әйел өз құқықтарын біліп, өзінше өмір сүру керек.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1.Бонгард-Левин Г. М., Кошеленко Г. А. Диодор Сицилийский об одном из индийских обычаев. annales.info. Дата обращения 12 января 2019. // Вестник древней истории. 2007, № 1.
- 2.Дюркгейм Э. Самоубийство. Социологический этюд. М.: Мысль, 1994.
- 3.Индийская жена: исследования, эссе. М.: Вост. лит. 1996. 247 с.
- 4.Пандей Р. Б. Древнеиндийские домашние обряды (обычай). 1990. 319 с.

КОРЕЙ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ «СУИЦИД» МӘСЕЛЕСІ МЕН ОНЫҢ СЕБЕПТЕРІ

Бегалиева М. Б

*магистрант, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Алматы, Қазақстан, zhanmiss__97@mail.ru*

*Ғылыми жетекшісі: Белялова А.Е. PhD, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Алматы, Қазақстан, aigerim2013@naver.com*

Аннотация: Оңтүстік Корея Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі 60 жылда керемет даму көрсеткішін көрсетті. Бұрынғы аграрлы, кедей отар ел болған Корея, қазіргі таңда экономикалық дамуы бойынша 13-орында тұр. Елдегі терең экономикалық өсім үлкен әлеуметтік өзгерістерді алып келді. Сондай өзгерістердің бірі халық арасындағы, әсіресе қарттар мен жасөспірімдер арасында өз-өзіне қол жұмсау көрсеткішінің кенеттен жылдам қарқынмен өсуі болып табылады. Кореядағы халықтың өз-өзіне қол жұмсау деңгейі әлемдегі ең жоғарғы деңгейге ие. Осы мақалада жасөспірімдер арасындағы суицидтің негізгі себептері неде екені және де суицидке қандай жағдайлар итермелейтіндігі талданған.

Түйін сөздер: суицид, экономика, күйзеліс, торығу, зорлық-зомбылық, Оңтүстік Корея

Жасыратыны жоқ, Оңтүстік Корея тұрғындардың бақыт деңгейі ең төменгі елдердің рейтингінде бірінші орынға ие және аймақтағы суицидтер саны бойынша көшбасшы. Осыған орай, «Корея Таймс» газетінде жарияланған есеп бойынша, Корея бірнеше жылдар бойы суицид бойынша бірінші орынға ие. Пайыздық коэффициент ЭЫДҰ (Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы) қатарындағы басқа елдерімен салыстырғанда орташа есеппен 2,6 есе жоғары болды. Елде жыл сайын 15 мыңнан астам кәріс өз-өзіне қол жұмсайды, яғни күн сайын шамамен 43 адам ... және бұл қайғылы көрсеткіштер әр жыл сайын артып келеді [1].

Әрине, бұндай қайғылы көрсеткіштің себебі не екенін дүп айту өте қиын. Психологтар мен әлеуметтанушылардың пікірінше, бұл депрессия, торығу, қоғамға ашулану және тағы басқалар. Бірақ, бұл факторлардың барлығы қоғам қысымының және мемлекеттің дұрыс емес жұмысының нәтижесі екендігі көпшілікке мәлім.

Кореяда нағыз экономикалық ғажайып болғандығы бәрімізге белгілі, бірақ осы дамыған экономиканың салдарынан халыққа өмір сүру жыл сайын қиындық тудырып келе жатыр. Шындығына келетін болсақ, корей жастарының айтуы бойынша ешқандай да «таңғы шық елі» жоқ, қазіргі таңда Корей жастары Кореяны «Чосон тозағы» деп атайды [2]. Яғни, бұл – өз-өзіне қол жұмсау халықтың ең үлкен қасіретіне айналғандығын білдіреді.

Жарқыраған қала шамдары, корей поп-музыкасының энергиясы мен ең жоғарғы технологияларының артында бір ғана жағымсыз шындық жасырынып тұр – Корея ЕЭЫДҰ мемлекеттерінің арасында халықтың өзіне-өзі қол жұмсауы бойынша көптеген жылдар бойы бірінші орында тұр. Және де бірнеше онжылдықтың ішінде бұл көрсеткіш 2 есеге көбейді. Мұның себебі неде?

Кореяның Юн Со Ын деген тұрғынының айтуы бойынша «Егер де сізде ақша болса, онда Оңтүстік Корея өмір сүргенге өте керемет жер. Ал егер ақша жоқ болса – керісінше. Кореяда айтылатын ең басты нәрсе бұл – бәсекелестік: мектептегі, университеттегі және жұмыстағы бәсекелестік. Бұл жерде бір мақсатқа жету үшін, сіз әрдайым бәсекелестікте болуыңыз керек. Бірақ бұл тек айсбергтің басы ғана. Егер тереңірек үңілетін болсақ, адамды сыртқы келбетіне байланысты пікір қалыптастыратын қоғамға тап бола аламыз. Уақыттың тапшылығынан мереке – үлкен күйзеліс туындататын қоғам, сенің болашағыңды беделді жоғарғы оқу орыны шешетін қоғам, отбасы құру құдды үлкен мәселе ретінде көрінетін, асханаларда жалғыз өзің отырып тамақтану – ұят секілді көрінетін және де ең соңғы үлгіде киінбеген адамға жоғарыдан қарайтын қоғам... Осының бәрі адам төзгісіз екендігін түсінесіздер ме? Адам төзгісіз екендігі соншалық, 40 жасқа дейінгі адамдардың өлімінің басты себебі өзіне-өзі қол жұмсау болып отыр»[1].

2016 және де 2017 жылғы зерттеу нәтижесі бойынша, 29501 суицидтің негізгі себебі 28,8% адамда – психологиялық торығу, одан кейін физикалық ауыру – 22,6%, экономикалық қиындық – 15,9%, отбасылық проблемалар – 11,4% құрайды [3].

Оңтүстік Корея өзінің жоғарғы стресстік кәсіби ортасымен және де білімді ортасымен танымал, бұл ортада таңның атысынан түнге дейін табжылмай жұмыс істеу немесе оқу қалыпты жағдай. Бұндай әдет экономикаға деген алаңдаушылықтан туындау мүмкін. Ғалымдардың пікірінше, суицидтің жоғары деңгейде болуының басты себебі - аграрлық елден техникалық өркениетке тым тез енуі, экономиканың жылдам қарқынмен дамуы деп санайды сонымен қатар осыған байланысты 1997 жылы Кореяда үлкен экономикалық дағдарыс салдары. Экономикалық дағдарыс салдарынан мыңдаған адам жұмыссыз қалған еді. Содан бері тағы да осындай жағдайдың қайталануынан қорқу жұмыс орнындағы стрессті күшейтті.

Қоғамдағы осал топтар болып саналатын жасөспірімдер мен қарт адамдар өз-өзіне қол жұмсау қаупіне көбірек ұшырайды. Оңтүстік Кореяда 10-19 жас аралығындағы балалар арасындағы өзіне-өзі қол жұмсау деңгейі бойынша ең жоғарғы көрсеткішті көрсетіп отыр, және де осындай жоғарғы көрсеткіш қарттар арасында байқалынады. Егер де мектеп оқушылары мен студенттер туралы айтатын болсақ, онда көп жағдайда суицидтің ең басты себебі емтихан тапсырғанда алынған стресс және де мектептегі зорлық-зомбылық болып табылады [4].

Корей халқы үшін жақсы білім алу – халықтың қоғамдығы әлеуметтік-экономикалық ахуалын жақсарту үшін өте қажет деп саналады. Академиялық жетістік отбасының абыройының көрсеткіші және де тұтастай алғанда Оңтүстік Корея қоғамы үшін мақтаныш көзі болып табылады. Жоғары оқу орнын бітіру - беделдің, жоғары әлеуметтік-экономикалық мәртебенің, неке құрудағы жетістіктің және мәртебелі мансаптың басты белгісі. Оңтүстік Кореяның халқының білімге деген бас бұруы өте ерте жастан басталады. Егер де қандайда бір адамның университеттік білімі жоқ болса, ол адам басқа адамдардың сыни көзқарасының және сөзінің астына қалып қоюы мүмкін.

Корей оқушыларында оқу жылы 10 айдан аса уақытқа созылады, күніне 16 сағатқа жуық уақытын мектепте және де «хагвон» деп аталатын кешкі мектептен кейінгі бағдарламаларда өткізеді. Осындай білім алуға деген ұмтылыс Кореяның ең үздік үштік рейтингке кіретін университеттерге түсу үшін. Осындай үздік университетте білім алу ең алдымен жақсы жұмыс орнына тұруды, жақсы айлық алуды және де жақсы өмір сүруге жолдама деп біледі. Осыған байланысты көптеген жасөспірімдер ата-анасы тарапынан қатты қысым алады, содан күйзеліске тап болып, өз-өзіне қол жұмсайды екен.

Мектептегі зорлық-зомбылық Кореяда ең көп талқыланатын тақырыптардың біріне айналды, өйткені бұл қазіргі таңда ең күрделі формада және де кең түрде таралған.

Әдетте мектептегі оқушылар арасындағы зорлықты бастаушыларды «ильчжиндер» деп атайды, яғни тәртіпті бұзатын, әртүрлі төбелеске тап болатын, жаман әдеттерге ие «жаман» оқушылар, және де бұндай оқушылар барлық дерлік мектепте болады. Негізі, «ильчжин» деген атау ертеректе мафия және қарақшы топтардың бастықтарына бағытталған

атау еді, қазіргі таңда қандай да бір оқушыны қорлауға бағытталған бұзақылыққа қатысушы оқушылар өздерін «ильчжин» деп атайды.

«Нан жеткізушілер» - Кореядағы зорлық-зомбылықтың ең тынымал түрінің атауы. «Нан жеткізушілер» деп аталынуының себебі, ильчжиндер қоңырау кезінде әлсіздерге өз ақшаларына дүкеннен тоқаш алып келуге мәжбүрленген. Қазіргі таңда осыған ұқсас «күлкі жеткізушісі», «Wifi жеткізушісі», «ақша жеткізушісі» пайда болды. Әр жеткізушінің өз қызметі бар, мысалыға: ильчжинді күлдірту, оның орнына төбелесу, күні сәтсіз өтсе көңілін көтеру... егер де осыларды орындамаған жағдайда әлсіз оқушыларды ұрып-соғады, ашуын содан алады [1].

Ең өкініштісі, жәбірленушінің сыныптастары да, мұғалімдер де осыны көре тұра түк болып жатқан жоқ секілді түр танытуға тырысады. Басқалардың немқұрайлы түр танытуының бірнеше себептері бар, бірақ оның ішіндегі басты себептерінің бірі – «бұл тек жәбірленушінің проблемасы» деген пікір. Әдетте осындай зорлық-зомбылық көрген оқушының достары болмайды және де отбасынан да ешқандай қолдау таппайды, сондықтан да өз проблемасымен өздері жалғыз қалуына мәжбүр болады. Осындай мектеп оқушыларының арасындағы зорлық-зомбылық Корей қоғамындағы ең өзекті мәселе болып отыр. Тіптен, Оңтүстік Кореяның киноларында да, телехикаяларында да ерекше екпінмен көрсетеді.

Өкінішке орай, Кореяда жасөспірімдер арасында суицид өте көп және олардың саны тұрақты өсуде. Үкімет ғаламтордағы мағлұматтарды бақылайтын және күдікті мазмұндағы ақпаратты тарататын желілерді бұғаттайтын арнайы бөлімдер құру арқылы суицидпен күресу шараларын ұйымдастыруда. Бірақ олар тиімді ме, әлде тиімсіз бе, уақыт мәселесі ...

Қорыта келетін болсақ, қаншалықты өмір қиын кезеңдерден тұрады дегенімен де, суицид қиын кезеңдерді өткерудің шешімі емес. Өз-өзіне қол жұмсау тығырықтан шығатын жол емес сол себептен ой мен санада жүрген сан-мың күдіктен, жанды сыздатқан күрделі мәселерден арылуға болатындығын айта келе өткінші нәрсеге бола, уақытша кезіккен қиындықтан –ұмытылмас қасірет екендігін ұмытпаған жөн. Тек қана өз өміріңді қиу емес сонымен қатар жақындарыңның өміріне қайғы алып келу деп те қарау керек. Сондықтан өмірдің қиындығын да, ауыртпалығын да қабырғаңыз қайыспай көтере білген жөн.

Өмір болған соң оның белестері, кездесетін кедергілері болатыны баршамызға мәлім. Бірақ, осы кедергілерді өткеруге күш жігеріміз жетпей, жанымызды ауыртатын сәттері аз емес. Осы сәтте жанымыздың жарасын емдейтін, көңілімізге демеу болатын адам бұл дүниеде жоқ тәріздес. Және де жүрегінде жүрген ауыртпалықты сенен басқа ешкім түсінбейтін тәрізді көрінуі де мүмкін.

Шын мәнісіне келетін болсақ, мектепті бітірердегі емтихан, тестілеу бұл болашағыңды түбегейлі шешетін жүйе деп қарамау керек. Емтиханнан керекті баллды ала алмай, құлап қалған, еңсесін түсірмей өмірде жетістікке жеткен балалар қаншама. Тестілеу нәтижесі керек етпейтін мамандықтар да аз емес. Сол емтихан нәтижесіз де жетістікке жетуге болатынын түсініп, үлкендер тарапынан да соны түсіндіре алатын адамда табылса жақсы болар еді.

Ең алдымен, баланың өмірі ата-анаға маңыздырақ, сондықтан әр ата-ана балаларына қысым көрсетпей, баланың таңдауын құрметтеп, балалармен маңызды тақырыпта сөйлесе алса және де балалардың қиын қалын түсініп тыңдай алса қаншама қайғылы оқиғалардың алдын ала алуға болатынын түсіну керек. Күнделікті қарбалас өмірде жұмыс, үй деп жүрген адамдар айналасында болып жатқан жайттарды елемей, көрмеуі де мүмкін. Адамдар бір мезетке тоқтап, жан-жағында болып жатқан дүниеге зер салатын болса қаншама қиындықта жүрген, еңсесі түскен адамдарға бір ауыз сөзбен де қолдау көрсете алатын еді. Біреудің бір ауыз сөзі, біреудің өмірін өзгерте алады, егер жақыныңның және ата-ананың қолдауы болса тіптен жақсы. Өмір берілген сый деп қарау керек, сондықтан да өтпелі нәрселерге қатты алаңдамай, ол қиын кезеңнен еңсенді түсірмей өтсең, жақсы шақтар күтіп тұрғанын ұмытпай әр минуттан, секундтан рахат алып үйренуіміз керек. Суицид – бұл шешім емес.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Коре Ильбо казахстанско-корейский информационный портал –URL:<http://koreilbo.com/>
2. Singh A. The “Scourge of South Korea”: Stress and Suicide in Korean Society. // - Berkeley Political Review [Электронды ресурс].- <https://bpr.berkeley.edu/2017/10/31/the-scourge-of-south-korea-stress-and-suicide-in-korean-society/>
3. Jin Pyo Hong, M.D., Myeng Ji Bae, M.D., Tongwoo Suh, M.D., DrPH. Epidemiology of Suicide in Korea. // - Psychiatry Invest 2006; 3 (2):7-14 [Электронды ресурс]. – URL:<https://www.psychiatryinvestigation.org/upload/pdf/0502006015.pdf>
4. Ким Г.Н. Республика Корея Алматы: Дайк-пресс, 2010. – 330 с.

ҮНДІСТАННЫҢ ПОЛИКОНФЕССИЯ МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ ТІІМДІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР ШАРТЫ РЕТІНДЕ

Балтабай К.

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Таяу Шығыс және Орта Азия кафедрасы,
хинди-урду бөлімінің 2-курс студенті*

*Ғылыми жетекшісі: Канафьева Ш.Е. аймақтану магистрі,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Үндістанның ұлттық қауіпсіздігіне төніп тұрған бірден бір қауіп – терроризм, ал мемлекет іші саясатты шиелініске алып келуге конфессияаралық қатынастардың ықпалы жоғары. Бұл мәселе тек Үндістан емес, бүкіл Оңтүстік Азия үшін өзекті. Ынтымақсыздық салдарының ең анық көрінісі деп кезінде британдық колонияға тиесілі территорияда екі тәуелсіз мемлекет қалыптасуын келтіруге болады. Сонымен қатар, ХХІ ғасырдың бірінші онжылдығының өзінде Үндістанда 13 001 теракт жасалды, нәтижесінде 4 000 аса адам қаза болды. Үндіс-Мұсылман қарым-қатынастарының сипатының негізін салған Кашмирді бөлу сұрағы, Джамму және Кашмирдегі басқындық іс-әрекеті, Мумбаи қаласындағы 2008 ж. терроризм бойынша берілген деректерде Пәкістан Ислам Республикасының қатысын мойындау, мұның барлығы – діни фактордың зор рөлін, дінді саясаттандырудың деструктивті сипатын дәлелдейді.

2011 ж. Гарвард Университетінің Дж.Кеннеди атындағы Басқару Мектебінің профессоры М. Тофт, Нотр Дам Университетінің профессоры Д. Филлот және Джорджтаун Университетінің профессоры Т. Шах қатысуымен ұжымдасқан “Тәңір ғасыры: дін жандануы және жаһандық саясат” атты зертеуінде діннің әсерінің құлдырауы туралы болжамға қарамастан, Дін бүкіл әлем бойынша саяси ықпалға қайта ие болғанын, оған жерлеуге тиіс болған күштер: демократия, жаһандану және технологиялар керісінше оңды ықпал еткенін, сонымен қатар, Дін тек қана иррационал және зорлық-зомбылық деген мағына емес, оның саяси ықпалы шын мәнінде әртүрлі, бір кезде азаматтық соғыс пен терроризмге ықпал етсе, басқа жағдайларда демократияға, татулыққа және бейбітшілікке ықпалын тигізетінін атап айтты.

Терроризм, қайбір қауымдастық үшін елеулі қатер төндірсе де, бар болғаны қауіпсіздік проблемасы ретінде қарастырылады: қауіпсіздік шаралары қолданылады, қорғаныс құрылымдары нығаяды және қатаңырақ жазалар туралы шешімдер қабылданады. Терроризмге қарсы соғыс жариялай отырып, қоғам мәселенің түбін арттырады, өйткені мұндай соғыс аясында олар себептерге емес, белгілерге ғана жауап береді. Шын мәнінде, терроризмнің негізгі себептері, терроризмнің туу барысын зерттеген бірқатар авторларлардың жазғандары бойынша, діни жазықтықта да емес, этно-діни факторларға, атап айтқанда исламға да байланысты емес. Террористік актілерге барғандар арасында басқа конфессиялардың өкілдері де бар, сонымен қатар, басқ сепаратистерін, Солтүстік Ирландия көтерілісшілерін және тағы басқа террористік әрекетшілерді мысал ретінде алуға болады. Тағы атап өтуге тұрарлық ақиқат – Үндістанда орын алған сепаратисттік қозғалыстарда әр уақытта террористтік күресу әдісі қолданылды. Және оларды жедел шешуді қажет ететін саяси, идеологиялық және әлеуметтік-экономикалық проблемалардан іздеу керек.